АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
АТЫРАУҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІГІ

"ҚАЛАЛЫҚ ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АТЫРАУСКИЙ ГОРОДСКОЙ АКИМАТ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ГОРОДСКОЙ ОТДЕЛ ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

3 маусым 2024 жыл №22

Атырау қаласы

город Атырау

«Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы»

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 *(бұдан әрі - заң)* 41-бабының 4-тармағына сәйкес және Мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №ДЗГЗ-01-ДЗ/12494-И түсіндірме-хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 458-022 «Көлік инфрақұрылымын дамыту» бюджеттік бағдарламасын іске асыру барысында «Атырау қаласындағы Говорова көшесін (Сырым Датов көшесінен Қабдолов көшесіне дейін) қайта жаңғырту»; Атырау қаласындағы жолдардың құрылысы (Бейбарыс даңғылынан Атырау-Астрахань тас жолына дейін); «Атырау қаласындағы автомобиль жолдарын қайта жаңарту (Қожақаев көшесінің бойында)»; «Атырау қаласында (Тайманов көшесі айналма жолынан бастап Черная речкаға дейін, Черная речка ауданында) автомобиль жолдарын реконструкциялау» жобаларының жарамдылық (3 жыл) мерзімі өтіп кетуіне байланысты *«Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту» қағидалары туралы* Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі №304 бұйрығы және *«Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы»* Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы №129 бұйрығы негізінде, жобалау-сметалық құжаттамалары түзетулер енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бабы 3-тармағының 3-тармақшасын негізге ала отырып бір көзден сатып алу

Scanned with ACE Scanner

тәсілімен алғашқы жобалау-сметалық құжаттаманы жасақтаған тиісті мекемелермен тікелей келісім-шарт жасақталуын ұйымдастыруды.

2. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдары орындалсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.
4. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Бөлім басшысы **Е. С. Аққұсов**

Таныстым:

_____ _____ _____

Аты, жөні, тегі қолы күні

Scanned with ACE Scanner